

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/393 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 шілдеде № 11618 болып тіркелді.

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 34) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринария және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 8 маусым

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 7-1/393 бұйрығымен
бекітілген

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 34) тармақшасына сәйкес әзірленген және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) аспа – өнім сапасының жеке көрсеткіштерін анықтау үшін бөлінген ортаңғы сынаманың бір бөлігі;

2) бақылау сынамасы – зерттеуді жүргізетін зертханада сақталатын, жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша сәйкес келмеген немесе дау туған кезде қайта зерттеуге арналған ортаңғы сынаманың бір бөлігі;

3) биологиялық материал – жануарлардың ауруларына диагностика жүргізу мақсатында іріктеп алынған тірі ұлпаның бір бөлігі немесе биологиялық белсенді сұйықтық (қан, шырыш, жұлын сарысуы, өт, ірің, зәр, қи, қырындылар, биопсия әдісімен алынған материалдар және басқалары);

4) біріктірілген сынама – ортаңғы сынаманы құрастыруға арналған іріктемеден алынған нүктелі сынамалардың жиынтығы;

5) зертханалық сынама (соңғы сынама) – бақыланатын объектінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау мақсатында нормативтік құжаттарда анықталған зерттеуге жолданатын (зертханаға жеткізілген) тестілік үлгіні жасауға арналған ортаңғы сынаманың бір бөлігі;

6) кварттау әдісі – біріктірілген сынаманы (мұқият араластырғаннан кейін) бірдей төрт бөлікке бөліп, диагональ бойынша екі ширегін алып, алғашқыдай бірнеше рет қайта төртке бөлу жолымен сынаманың мөлшерін азайтып, өнімнің зертханалық талдауға тиісті мөлшерінде ортаңғы сынаманы құрау тәсілі;

7) конверт әдісі – үйіндіде, қатарда, рет-ретімен орналастырылған көліктік ыдыстан немесе онсыз даналанған, ұнтақ күйдегі материалдардан нүктелік сынамаларды іріктеу схемасы. Көлік құралы бірлігінің, көліктік ыдыстың немесе өнім сақтайтын қойманың көлеміне байланысты өнімнің ортаңғы, төменгі және жоғарғы қабаттарынан сынаманы іріктеу үшін бір, екі немесе үш конверт әдісі қолданылады;

8) көліктік ыдыс – жеке көлік бірлігін (контейнер, қап, қорап, құты) құрайтын, өнімдерді орналастыруға арналған орама;

9) нүктелік сынама – біріктірілген сынама жасау үшін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіден бір партиядан бір қабылдауда бір жерден алынған сынама бөлігі;

10) орама бірлігі – оралған орамамен қоса алғандағы тауардың бірлігі;

11) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер – жануарлар, жануарлардың жыныстық және соматикалық жасушалары, жануарлар аурулары қоздырғыштарының штаммдары, жануарлардан алынатын өнім мен шикізат, ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары, патологиялық материал немесе олардан алынатын сынамалар, судың, ауаның, топырақ қабатының, өсімдіктердің сынамалары, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттар, сондай-ақ оларды буып-түю және тасымалдау үшін пайдаланылатын ыдыстың барлық түрлері және осындай орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдайтын көлік құралдары;

12) ортаңғы сынама – зертханалық зерттеу өткізуге арналған біріктірілген сынаманың бір бөлігі;

13) партия – бірдей жағдайларда бір өндіруші бір нормативтік құжат бойынша өндірген (дайындаған), бір көлік құралымен бір межелі пунктке бір алушыға жөнелтуге арналған және бір ветеринариялық ілеспе құжатпен ресімделген біртекті тасымалданатын (орны ауыстырылатын) объектінің саны;

14) патологиялық материал – тірі немесе өлген жануарлардан алынған, құрамында жұқпалы немесе паразиттік аурулардың қоздырғыштары бар немесе болуы мүмкін, ветеринариялық зертханаға жіберуге арналған биологиялық материал;

15) сынама – орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіден іріктелетін үлгі;

16) тұтынушылық ыдыс – тұтынушыға өніммен бірге жеткізілетін және жеке көлік бірлігін құрамайтын ыдыс (бөтелке, банка, пакет, стақан, брикет);

17) ыдыс – стандарттарда, техникалық шарттарда көзделген өнімді орналастыруға арналған орама элементі (жәшік, барабан, бөшке, цистерна және буып-түюдің басқа түрлері);

17-1) Қан алу жүйесі – тасымалдауға арналған және элементтерді қан алу үшін қайта пайдалануды болдырмайтын, саңылаусыз жабылған шыны түтікшеге (котейнер) тікелей қан алуды жүргізуге мүмкіндік беретін, өзара байланысқан бір реттік элементтердің қосындысы.

18) іріктеме – партияның ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін анықтау үшін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіден іріктелген сынамалардың жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.02.2019 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу:

1) жануарлар өсіруді, жануарларды дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, өндіріс объектілерінің өндірістік ғимараттарында, аумақтарда, сондай-ақ жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда;

2) жануарлардың ауру қоздырғыштарының берілу факторлары болып табылатын ыдыстардың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша барлық көлік құралдарының түрлерінде;

3) ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде;

4) мал айдау трассаларында, маршруттарында, тасымалдау (орын ауыстыру) маршруты өтетін жануарлардың жайылым және суару аумақтарында;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні өткізу, сақтау, тасымалдау кезінде ветеринариялық-санитариялық нормалардың бұзылуы белгіленген жағдайда ішкі сауда объектілерінде (ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханалары жоқ объектілерді қоспағанда);

6) ішкі сауда объектілерінде (ветеринариялық-санитариялық сараптау зертханалары бар жерлерде);

7) сою пункттерінде немесе ет өңдеу кәсіпорындарында жүзеге асырылады;

8) жануарлар мен адамға ортақ ауруларды қоса алғанда, жануарлар ауруларының пайда болуы мен азықтан улануының алдын алу, жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, ветеринариялық препараттардың, жемшөп пен жемшөптік қоспалардың ұсталуының Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қолайлы аумақта өткізілетін іс-шаралар кезінде;

9) шектеу іс-шараларын немесе карантинді қоса алғанда, жануарлардың аса қауіпті және энзоотиялық ауруларын жою және олардың таралуының алдын алу мақсатымен бақылау аймағын, буферлік аймақты қоса алғанда, індет ошағында және қолайсыз пунктте жүргізілетін іс-шаралар кезінде.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу кезінде осы Қағидаларға

1-қосымшада көрсетілген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу ерекшеліктері ескеріледі.

4. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың ыдысын ашу алдында сыртынан тексеріп қарайды және олардың осы Қағидаларға сәйкестігін анықтайды. Зақымдалған орама бірліктерінен сынама іріктеу жүзеге асырылмайды. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың ыдысы осы Қағидаларға сәйкес болған жағдайда сынама іріктеу мынадай кезеңдерден тұрады:

1) өнім және шикізат партиясының біртектілігін анықтау;

2) сұрыптау (сынама) көлемін жасау;

3) нүктелік сынамаларды іріктеу және біріктірілген сынама қалыптастыру;

4) ветеринариялық зертханалық зерттеулер жүргізу үшін ортаңғы және бақылау сынамасын бөліп алу;

5) іріктелген сынамаларды буып-түйіп, пломбалау, мөр салу.

5. Микробиологиялық бақылау үшін сынаманы таза, стерильді ыдысқа іріктейді. Органолептикалық, физика-химиялық талдаулар үшін сынамаларды таза, құрғақ, бөгде иісі жоқ, тиісті сыйымдылығы мен пішіні бар сынамаларды талдауға дайындау үшін ыңғайлы ыдысқа іріктейді. Ыдысты қабыршақты, пластмасса немесе фольгаға оралған резеңке тығынмен немесе қақпақпен жабады.

6. Пестицидтердің, антибиотиктердің, уытты элементтердің және радионуклеидтердің, микотоксиндердің қалдық мөлшерін бақылау үшін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) бір объекіден көп сатылы сынамаларды іріктеу жүргізіледі.

Сатылар саны орама түрімен анықталады:

1) 1-саты: көліктік ыдыс бірліктерін іріктеу (жәшіктер, қораптар, қаптар, бөшкелер);

2) 2-саты: көліктік ыдысқа салынған орама бірлігін және тұтынушы ыдысының бірлігін (пакеттерді, банкаларды) іріктеу;

3) 3-саты: орама бірлігінен (тұтынушы ыдысынан) өнімді іріктеу және біріктірілген іріктемені (сынаманы) құрау. Іріктелген іріктеме бірліктерінен нүктелік сынаманы іріктейді, жиынтық сынаманы құрайды және ортаңғы сынаманы бөліп алады.

6-1. Жануарларды өсіруді, дайындауды (союды), сақтауды, өңдеуді және жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектісі (бұдан әрі – өндіріс объектісі) бекіткен және тиісті

әкімшілік-аумақтық бірліктің ветеринария саласындағы уәкілетті органы ведомствосының аумақтық бөлімшесі келіскен Өнімді мониторингтік зерттеу жоспарының шеңберінде жүргізілген зертханалық зерттеулер нәтижесінде өнімнің зерттелетін қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша сәйкессіздігі анықталған жағдайда, зертханалық бақылау режимінде өндіріс объектісінен әр келесі өндірілетін өнім партиясынан сынамалар алу жүргізіледі. Сынамаларды алу өндірілетін өнімнің 10 партиясынан 3 ай ішінде жүзеге асырылады. Сынамаларды алу тек бұзушылық анықталған сол типтегі өнімнен ғана жүзеге асырылуы тиіс.

Зерттелетін қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша өнімнің 10 партиясының сәйкестігі расталған кезде не 3 ай өткен соң зертханалық бақылау режимінде сынамалар алу тоқтатылады.

Ескерту. 2-тарау 6-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Бірліктерді (үлгілерді, нүктелік сынамаларды) іріктеу мөлшері мен салмағы біріктірілген сынаманы құрастыру және одан ортаңғы сынаманы бөліп алу үшін жүргізіледі. Ортаңғы сынаманың көлемін одан бақылаушы және зертханалық сынамаларды бөліп алу үшін жеткілікті мөлшерде іріктейді. Заңның 8-бабының 9) тармақшасына сәйкес бекітілетін ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға және қауіпсіздік талаптарына сәйкес өнім көрсеткіштерін анықтау мақсатында зертханалық зерттеулерді жүргізу үшін іріктелетін ортаңғы сынаманың салмағы бақыланатын көрсеткіштердің санына және қолданылатын зерттеу әдістеріне тәуелді.

8. Жануарлардан алынатын өнімдер мен жемшөпті іріктеу кезінде олардың ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі көрсеткіштеріне ветеринариялық зертханалық зерттеулер жүргізуде сынама іріктеуді жүргізетін адам осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес жануарлардан алынатын өнімдер мен жемшөптегі заттардың ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі көрсеткіштеріне зертханалық зерттеулер жүргізуге арналған сынамалар өлшемінің қажетті массасында келтірілген нормаларды, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес партиядан мал шаруашылығы өнімдерінің сынамалары санын іріктеу нормасын басшылыққа алады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу үшін үлгінің түріне қарай мынадай құрал-саймандар, жабдық және орама материалдары қолданылады:

- 1) әр түрлі пішіндегі пышақтар;
- 2) қайшылар, іскектер;
- 3) сұйық, сусымалы өнімдер үшін сүңгі тәрізді сынама алғыштар;
- 4) қасықтар, сүңгі, шөміш, саптыаяқ, сыйымдылығы 200 граммға дейінгі ожаулар;
- 5) шыны бойынша қарындаш (маркер), пастер пипеткалары, шыны түтіктер, қан алу жүйесі, саптыаяқтар, стақандар, нормативтік құжаттарға сәйкес келетін диаметрі мен ұзындығы әртүрлі металл және пластмасса құбырлар;
- 6) жалпы мақсаттағы зертханалық және техникалық таразылар;
- 7) тиісті сыйымдылығы, герметикалық жабылатын тығыны мен қақпағы бар шыны немесе синтетикалық материалдардан жасалған ыдыстар;
- 8) полимерлі материалдардан жасалған пакеттер, пергамент қағазы, фольга және тамақ өнімдерін буып-түю және сақтау үшін рұқсат етілген басқа орама материалдары;
- 9) орақ, пышақ, қалақтар;
- 10) қиғаш қабырғалы ағаш планкалар.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 13.02.2019 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Өнімнің үлгісімен байланысатын орауға арналған су өткізбейтін және майға төзімді, ерімейтін және сіңірмейтін, өнімнің химиялық құрамын өзгертпейтін, оған иіс және дәм бермейтін қасиеттерге ие материал қолданылады.

11. Зерттеу үшін іріктелген сұйық сынамаларды құрғақ таза шыны немесе полиэтиленді ыдысқа немесе біржолғы түтіктерге, сусымалы сынамаларды тығыз полиэтиленді қаптарға орналастырады.

Шыны, полиэтиленді ыдыстарды, түтіктерді, қаптарды пергамент қағазға орайды, жіппен байлайды және мөрлейді.

Сынамалардың оралған үлгілерін арнайы лайықталған жәшікке орналастырады, жөнелтілетін өнімнің тұтастығын қамтамасыз ету үшін қағазбен жабады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 13.02.2019 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Іріктелген сынамалар жылдам бұзылатын өнімдер үшін 24 сағаттан және басқалары үшін 36 сағаттан аспайтын мерзімде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ілеспе хатпен және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің сынамаларды іріктеу актісімен (бұдан әрі – Акт) бірге ветеринариялық зертханаларға жолданады. Акт үш данада жасалады: бірінші данасы сынамалармен бірге ветеринариялық зертханаға

жіберуге арналған, екіншісі сынамаларды іріктеуді жүргізген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторда немесе мемлекеттік ветеринариялық дәрігерде қалады, сынама іріктеу актісінің үшінші данасы ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің иесіне немесе оның өкіліне беріледі.

Биологиялық материал сынамаларын алу және оны ветеринариялық зертханаға жеткізуді ветеринария саласындағы мамандар осы Қағидаларға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша биологиялық материал түрлеріне байланысты ілеспе хаттармен (биологиялық немесе патологиялық материалдың) және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биологиялық материал сынамасын іріктеу тізімдемесін қоса отырып осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биологиялық материал сынамаларын алу (қан сынамаларын алуды қоспағанда) актісін жасай отырып жүргізеді.

Қан сынамаларын алған кезде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 шілдедегі № 16-07/332 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9639 болып тіркелген) бекітілген Жануарлардың аса қауіпті аруларына қарсы ветеринариялық іс-шарларды жоспарлау және жүргізу қағидаларымен белгіленген нысан бойынша қан сынамаларын алу актісі жасалады.

13. Ағуына, кебуіне, ыдырауына, өзара ластануына қарсы іс-шараларды сақтай отырып, сынамалар ветеринариялық зертханаға жеткізіледі. Сынамаларды тасымалдау процесінде үлгілердің бөгде иістермен ластануын, күн сәулесінің тіке түсуін болдырмауға, қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған сақтық іс-шаралары сақталады. Жылдам бұзылғыш өнімдердің сынамалары тоңазытқыш-сөмкеге (термочемодан) салынады немесе құрғақ мұзбен қоршалады. Әр сынама үлгінің түрі, сынама массасы, сынаманы іріктеу күні мен орны, сынаманы іріктеуді жүргізген адамның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі тегі мен аты-жөні көрсетілетін заттаңбамен және жапсырмамен (зерттеулердің соңына дейін сақталатын) қамтамасыз етіледі. Түтіктерде немесе сынамалары бар биологиялық материалды алуға арналған басқа жүйелерде шыны бойынша қарындаш (маркер) көмегімен қоса беріліп отырған биологиялық материал сынамаларын алу тізімдемесіне сәйкес немесе жануардың жеке нөмірінің штрих-кодтары бар стикер жапсыру жолымен нөмірленеді.

14. Бақылау сынамасы сол орында сынаманы іріктеу процесі барысында стерильді контейнерге пломбаланған (мөрленген) күйінде бөлінеді, ол зерттеу жүргізіп жатқан ветеринариялық зертханада сақталуы керек. Бақылау сынамасының сақталу мерзімі зерттеу жүргізіліп болғаннан кейін кемінде 14 тәулік, ал бекітілген талаптарға сәйкес келмейтін үлгілер үшін зерттеу мақсатына және сараптама актісі бойынша (сынақ хаттамасы) қорытынды нәтижесін алуға байланысты үш айдан аспайды. Тез бұзылатын

өнімдер үшін, бірқатар сапа көрсеткіштері мен қауіпсіздік көрсеткіштеріне (органолептикалық және микробиологиялық) арналған бақылау сынамасының сақталу мерзімі оның сақталу мерзімінен артық болмауы тиіс.

14-1. Былғары және үлбір шикізатын зерттеу үшін көлемі 5х5 сантиметр, шеткі, шірімеген және көгермеген тері учаскелерінен сынамалар алады.

Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Қорытынды ережелер

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат, жемшөп пен жемшөп қоспалары, патологиялық және биологиялық материал, су, топырақ сынамаларының зертханалық зерттеулерін жүргізу аяқталған соң ветеринариялық зертханаларда олардың көрсеткіштерінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында сараптама актісі (сынақ хаттамасы немесе есебі) беріледі, сыналатын үлгілер зертханалық зерттеулер жүргізгеннен кейін есептен шығаруға және кәдеге жаратуға (жоюға) жатады. Бақылау сынамасы осы сынаманың жарамдылық мерзімі аяқталған соң кәдеге жаратуға (жоюға) жатады. Сынамаларды кәдеге жаратуды ветеринариялық зертхана басшысы және мамандардың қатысуымен арнайы құрылған комиссия осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кейіннен орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алуды жою актісін жасай отырып жүргізеді.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын)
объектілердің және биологиялық
материалдың сынамаларын алу
қағидаларына 1-қосымша

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу ерекшеліктері

1-тарау. Жануарлардан алынатын өнімдердің сынамаларын алу ерекшеліктері

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Сойылатын жануарлардың барлық түрлерінің етінен (сиыр еті, қой еті, шошқа еті және үй қоянын, құсты, балықты қоспағанда, ауыл шаруашылығы мен кәсіптік жануарлардың басқа да түрлерінің еті) сынамаларды іріктеу мынадай тәртіппен жүргізіледі.

Ұшалар мен жартылай ұшалардан еттің (майсыз) нүктелік сынамаларын стерильді, кесу орнын алдын-ала күйдіргеннен кейін кемінде 200 грамм тұтас кесектермен мынадай орындардың біреуінен – кесілген жерінің жанынан, жауырын маңынан, сан маңайындағы жуан бұлшықеттерден алады.

Еттің балғындығын анықтаудың органолептикалық әдістерін анықтау үшін массасы кемінде 200 грамм ортаңғы сынама бөлініп алатын біріктірілген сынама қалыптастырады.

Сынамалардың жалпы радиациялық фонын анықтау үшін дозиметриялық бақылау сынама алмай, дозиметриялық аспаптар көмегімен жүргізіледі.

Радиациялық бақылаудың спектрометриялық аспаптарымен уытты заттарға, антибиотиктердің қалдық мөлшеріне зерттеу жүргізу үшін біріктірілген сынамадан массасы кемінде 1 килограмм ортаңғы сынама алынады.

Микробиологиялық көрсеткіштерге алдыңғы және артқы аяқтарының иілдіргіш және жазғыш бұлшық еттерінің 8х6х6 көлеміндегі бөлігін, лимфа түйіндерін тұтастай (мойын беткейіндегі және тізедегі оларды қоршаған ұлпаның қатпарынан), түтік тәрізді сүйекті (қажет болған кезде) алады, біріктірілген сынама құрастырады, зерттеу жүргізу үшін 250 грамм ортаңғы сынама бөлініп алынады.

Трихинеллезге зерттеу үшін әр ұшаның диафрагма шетінен екі сынама үлгілерін, ал олар болмаған жағдайда, диафрагманың қабырға бұлшықеті бөлігінен, қабырға аралық бұлшықетінен және мойын бұлшықетінен кемінде 60 грамм алынады.

Мұздатылған ет блоктарынан үлгілерді массасы кемінде 200 грамм тұтас кесектермен алады. Мұздатылған ет блоктарының сапасын, массасын және температурасын бақылау мақсатында тексеру үшін орама орындарының 10%-на, бірақ әр партиядан кемінде 10 орынға іріктеу жүргізеді, кеуде және сан бұлшық еттерінің қалыңынан температурасының шкаласы 0-ден 1000С-қа дейінгі сұйықтық термометрлермен (сынапты емес) температурасын өлшейді.

Ет комбинаттарында, сою пункттерінде, тоңазытқыштарда және уақытша сақтау қоймаларында іріктеу ірі қара мал ұшаларының (жартылай ұшаларының) 10%-дан аспайтын бөлігін, қой, шошқа ұшаларының 5%-ын және мұздатылған және салқындатылған ет блоктары 2%-ын қамтиды. Мұздатылған және салқындатылған ет блоктарынан нүктелі сынамаларды да кемінде 200 грамм болатын бүтін кесектермен алады.

Алынған нүктелі сынамалардан осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес партиядан мал шаруашылығы өнімдерінің сынамалары санын іріктеу нормасын басшылыққа ала отырып, партиядан ортаңғы сынама қалыптастырады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Жануарлардың ерітілген майлары партиясынан сынамалар алу үшін партияның 10%-ын, бірақ кемінде 5 орама бірліктерін құрайтын іріктеме жасалады. Тұтыну орамасына буып-түйілген май партиясының әр жүзінші бірлігінен бір-бір орама бірлігі алынады. Брикеттердегі, саптаяқтардағы, банкалардағы және басқа да тұтыну орамаларындағы бір орамадан 50 грамм мөлшерінде нүктелі сынамалар алады. Нүктелі сынамалардан осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес партиядан мал шаруашылығы өнімдерінің сынамалары санын іріктеу нормасын басшылыққа ала отырып, партиядан ортаңғы сынама қалыптастырады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тауық, үйрек, үй қоянының етінен сынама ұшалармен немесе жартылай ұшалармен, қаз және күрке тауықтан ширек ұшалармен алынады. Құс ұшалары сатуға жеткізілетін партиядан кездейсоқ таңдау әдісімен алынады. Нүктелік сынамалардан біріктірілген сынама құрайды, біріктірілген сынамадан осы Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алу ерекшеліктеріне 1-қосымшаға сәйкес (бұдан әрі – Сынамаларды алу ерекшеліктері) құс, үй қояндары партиясынан іріктеу нормаларын басшылыққа ала отырып партияның ортаңғы сынамалары бөліп шығарылады.

Зертханалық зерттеулер жүргізу үшін іріктелген қораптардан үш үлгі (ұша) алады.

Органолептикалық бағалау кезінде: сыртқы түрі мен тұмсығының түсі, ауыз қуысының, көз алмасының, ұша беткейінің, кеуде-құрсақ серозды қабығының кілегей қабығы сынама алмай, сыртынан тексеріп қараумен анықталады. Құс еті сорпасының хош иістілігі мен мөлдірлігін анықтау үшін құстың 70 грамм бұлшық ет ұлпасын, үй қоянының етінен үй қоянының 25 грамм бұлшық ет кесегі алынады.

Біріктірілген сынамалардан микробиологиялық көрсеткіштерге 250 грамм ортаңғы сынама алынады.

Спектрометриялық құралдармен радиациялық бақылау жүргізу үшін нүктелік сынамалардан біріктірілген сынама құрайды, одан кемінде

1 киллограммнан ортаңғы сынама бөліп алады.

Радиациялық бақылау жүргізу үшін нүктелік сынамалардан біріктірілген сынаманы қалыптастырады, одан кемінде 1 килограмм ортаңғы сынаманы бөліп алады.

Фермада сынамааларды іріктеу кезінде іріктеме көлемі тауықтар, үйректер үшін кемінде үш ұшадан және қаздар мен күрке тауықтарда кемінде үштен жартылай ұшаларды құрайды.

Қояндар етінің сынамаларын іріктеу тауықтар мен үйректердің ұшаларын іріктеуге ұқсас жасалады, бірақ әрбір көліктік орамадан қоянның бір ұшасынан артық іріктемейді.

4. Сұйық бал сынамаларын іріктеуді диаметрі 10 – 12 миллиметр сынама алатын алюминий түтіктермен, қою балдан – 100 грамм нүктелі сынаманы әр түрлі қабаттардан майға арналған сүңгілермен жүргізеді.

Органолептикалық көрсеткіштерге балды зертханалық зерттеу жүргізу үшін 100 грамм ортаңғы сынаманы іріктейді, радиациялық бақылау жүргізу үшін салмағы кемінде 1 килограмм болатын ортаңғы сынаманы бөліп алады, осы Сынамаларды алу ерекшеліктеріне 2-қосымшаға сәйкес балды іріктеу нормаларын басшылыққа ала отырып, бар партиясынан орама бірліктерінің іріктемесін жасайды.

5. Сынамаларын іріктеудің алдында ыдыстардағы сүтті мұқият араластырады. Цистерналардағы сүт және сүт өнімдерінің органолептикалық, физикалық-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері бойынша сапасын бақылау үшін біріктірілген сынама қалыптастыруға 250 миллилитр нүктелік сынама іріктейді, ортаңғы сынаманың көлемі 1 литрді құрайды.

Уытты заттардың, антибиотиктердің қалдық мөлшерінің бар болуына радиациялық бақылау жүргізу үшін біріктірілген сынамадан салмағы кемінде 2 литр болатын ортаңғы сынама іріктеледі.

Цистерналардағы сүт және сүт өнімдерінің сапасын физикалық-химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері бойынша бақылау үшін өнімнің әр партиясынан біріктірілген сынама іріктеледі. Біріктірілген сынаманың көлемі 1,5 литрден аспайды.

Құтыларда шығарылатын сүт, кілегейден құтылардың 5%-ы іріктеуге жатады. Сынама іріктеу алдында сүтті піспекпен араластырады. Сынама құтының түбіне дейін түсірілетін металл түтікшемен іріктеледі. Сынама іріктеуге түскен әр құтыдан зерттелетін өніммен шайылатын таза ыдысқа ауыстырылады және араластырғаннан кейін одан көлемі 500 текше сантиметр көлемінде ортаңғы сынама іріктеп алынады.

Көліктік ыдыстағы сүттің, қаймақтың партиясынан іріктеме көлемі өнімі бар көліктік ыдыс көлемінің 5 %-ын құрайды. Партияда кемінде 20 бірлік болған жағдайда бір орама бірлігі алынады.

Тұтынушы ыдысындағы (бөтелкелер, пакеттер) сүт өнімдерінен сынамаларды іріктеу кезінде осы орамалар нүктелік сынамалар болып табылады.

Тұтынушы ыдысындағы сүт, кілегей партиясынан іріктеме құрау кезінде біріктірілген сынаманы бөліп алу, ортаңғы сынаманы құрау үшін осы Сынамаларды алу ерекшеліктеріне 3-қосымшаға сәйкес сүт, кілегей партиясынан іріктеу нормаларын басшылыққа алады.

Май, сүзбе, ірімшік, үйде дайындалған бұдан басқа ашытқы сүт өнімдерінен нүктелік сынамаларды өнімнің әр түрлі қабаттарынан: қаймақтан 100 грамм, майдан 50 грамм, сүзбе ірімшіктен – 100 грамм, сүзбеден – 50 грамм, ашыған сүт өнімдерінен – 100 миллилитр мөлшерінде іріктейді. Май, сүзбе, ірімшік, үйде дайындалған ашытқы сүт өнімдерінен нүктелік сынамаларды өнімнің әр түрлі қабаттарынан: қаймақтан, кілегейден 15 грамм, майдан 10 грамм, сүзбеден, сүзбе ірімшіктен – 20 грамм, ашыған сүт өнімдерінен – 50 миллилитр мөлшерінде іріктейді.

6. Жұмыртқаның ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға және қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін айқындау үшін әр түрлі нүктелерден: 50 жұмыртқаға дейін – 4 дана, 100-ге дейін – 6 дана, 1000-ға дейін – 10 дана, 2000-ға дейін – 15 дана, 3000-ға дейін – 20 дана, 3000-нан астам – 24 дана мөлшерінде сынама алынады.

Құрғақ жұмыртқа өнімдерін алу кезінде партиядан 200 граммнан асырмай сынама алынады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Балық және балық өнімдерінен сынамалар партияны барынша сипаттайтын әр түрлі жерлерден алынады, іріктемеге орамдардың 10%-ы енгізіледі. Тірі, балғын, салқындатылған партияны бақылау үшін балықтың массасы бойынша 1–2% алады. Зерттеуге балықтың барлық түрлері бөлек-бөлек жатқызылады.

Балықтың ұсақ даналарынан нүктелік сынамалар бүтін ұшалармен:

- 1) бір балықтың салмағы 100 грамға дейін болса әр орамадан 5 – 7 дана;
- 2) бір балықтың салмағы 1 килограмға дейін болса әр орамадағы 1 – 2 балықтан 100 граммнан 2 сынама мөлшерінде;
- 3) бір балықтың салмағы 1 кг-нан артық болса – 3 балықтан әр қайсысынан басынан арқа бөлігіне дейінгі ені 5 сантиметр жеке кесектер алынады, кемінде 1 килограммнан, қымбат балықтар үшін 500 граммнан аспайтын ортаңғы сынама бөліп алынады.

Описторхозға зерттеу үшін әрқайсысының ені арқа бөлігінен 5 сантиметрді құрайтын жеке кесектер алынады.

8. Кептірілген және мұздатылған ұсақ асшаяндар, крильдің, кальмардың, трубачьтың біріктірілген сынамасының ортаңғы сынамасы 1 килограмнан аспауға тиіс.

9. Мұздатылған асшаяндар, крильдің, кальмардың, трубачь пен кептірілген омыртқасыздардың біріктірілген сынамасынан ортаңғы сынама 1 килограммнан аспауға тиіс.

10. Мұздатылған балықтан сынама іріктеу кезінде – 1⁰С температураға дейін ерітеді. Салмағы 1 килограмнан аспайтын ұсақ балықты талдау үшін мүшелемей алады, ал салмағы 1 килограммнан асатын балықты ұзындығы 5 сантиметрден аспайтын немесе

200 граммнан аспайтын кесектерге бөледі. Көліктік орамалардағы балық және балық өнімдерінен біріктірілген сынама, ортаңғы сынама құрау үшін осы Сынамаларды алу ерекшеліктеріне 7-қосымшаға сәйкес балық және балық өнімдерінің көліктік орамаларын іріктеу нормаларын басшылыққа алынады.

11. Нетто салмағы 500 грамм және одан кем банкаларға салынған уылдырық үшін өнім партиясынан бес банка алынады. Әр іріктеп алынған банканың әр түрлі жерінен біріктірілген сынаманы құрайтын үш нүктелік сынама іріктеледі, одан салмағы 400 грамм ортаңғы сынама бөліп алынады.

12. Салмағы 5 килограмнан артық бактардағы уылдырықтан бір банка алынады. Әр түрлі жерлерінен нүктелік сынамалар іріктеледі олардан біріктірілген сынама, салмағы 400 грамм ортаңғы сынама құралады.

2-тарау. Жануарлардан алынатын шикізаттың сынамаларын алу ерекшеліктері

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Сапасын анықтау үшін ішек-қарын партиясынан кемінде 2% тауарлы бірлік (буда, байлам, тізбек) алынады.

14. Бумаларға буып-түйілген жүн партиясынан 10% бума іріктеледі. Біріктірілген сынаманы әрқайсысының салмағы 50 граммнан аспайтын, әр саңылаудан қолмен алынған нүктелік сынамалардан құрайды. Біріктірілген сынамадан салмағы кемінде 1 килограмм болатын ортаңғы сынама іріктеледі.

3-тарау. Жемшөп пен жемшөп қоспаларының сынамаларын алу ерекшеліктері

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Егер жасыл жемшөп тікелей жануарларды азықтандыруға арналса, сондай-ақ улы өсімдіктермен, нитраттармен, пестицидтердің қалдықтарымен уланғандығына күдік туған кезде жасыл жемшөп сынамаларын жайылым, шабындық, жемшөп дақылдарының учаскелерінен алады. Сынамаларды іріктеу учаскесінің кемінде 10 нүктесінен алынады. Алынған нүктелік сынамаларды мұқият араластырады, тегіс қабат және шағын будалар етіп төсейді, кейін сынамаларды біріктіреді және салмағы 2 килограмм (ботаникалық құрамын анықтау үшін және химиялық анализге), радиациялық бақылау үшін кемінде 3 килограмм ортаңғы үлгі алады. Шабындықта үлгілерді әр орудан алады. Ол үшін әр учаскеден ауданы 1–2 шаршы метр кемінде 10-

нан бөлінген бөлімін бөліп алып, одан биіктіктегі жерден 5 сантиметр болатын шөп орылады. Нүктелік сынамаларды алуды шықтан кейін және күн батқанға дейін құрғақ ауа райында жүргізеді, әр бөлінген бөліміндегі шалғы жолынан кемінде 10 жерден уыстап шөп алады.

16. Шөп маяның әр түрлі деңгейінен 0,5 – 1 метр биіктіктен бастап кем дегенде 10 нүктеден алынады. Нүктелік сынаманың салмағы 200 – 250 граммды құрауы тиіс. Маяланған шөптің әр 5 тоннасынан салмағы кемінде 2 килограммнан біріктірілген сынама іріктейді.

17. Сүрлем, пішендеме сынамаларын сақтауға (консервациялау үрдісі аяқталған соң) қойғаннан кейін кемінде 1 ай өткен соң және азықтандырғанға, өткізгенге немесе басқа шаруашылықтарға сатқанға дейін кемінде 10 күнге дейін сынама іріктейді. Жануарлардың сүрлемнен немесе пішеннен улануына күдік туған жағдайда, сынаманы мұндай жағдайлар пайда болғаннан кейін тез арада алады.

Нүктелік сынамаларды қабаттың бүкіл тереңінен сынама алғышпен іріктейді. Сүрлемнен сапалық талдауға сынамаларды іріктеу кезінде негізгі массадан түсі бойынша қатты өзгешеленетін үстіңгі (бүлінген) қабатын алдын ала алып тастайды және үлгіге қоспайды, улануға күдік туған жағдайда жеке алады. Әр қоймадан кем дегенде үш сынама іріктейді. Бүйір тұстары ашық траншеяларда сынамаларды іріктеу нүктелерін бір-бірінен тең арақашықтықта диагональ бойынша орналастыру ұсынылады: біреуі траншеяның ортасында және екеуі қабырғадан (шетінен) 0,5 метр шетінде және бесеуі – құрылыстардың бүйір тұстарында; бүйір тұстары бар траншеяларда – қабырғадан 0,5 метр болуға тиіс. Біріктірілген сынаманы үлдір немесе брезентке орналастырады және мұқият әрі тез араластырғаннан кейін бірнеше жерден салмағы 1 килограмм шамасында ортаңғы сынама іріктеледі. Ортаңғы үлгіні банкаларға салады, хлороформ және толуол (1:1) қоспасын қосады, және оны бірдей бөліктермен 1 килограмм массасына 5 миллилитр есебімен ыдыстың түбіне, ортасына және үстіне енгізеді, тығын немесе қақпақтарымен нығыздап жабады.

18. Қоймалар мен алаңдарда 1,5 метрге дейінгі биіктікте сақталатын бидайдан, арпадан, сұлы жармасынан нүктелік сынамалар бұрап кигізілетін штангалары бар қолдық қуыс бұрғымен алынады. Үйіндінің үстіңгі қабатын секцияларға бөледі (әрқайсысы шамамен 200 м^2). Сынамаларды қойма қабырғасынан (алаң шетінен) және секцияның шекарасынан 1 метр қашықтықтан алты нүктеден бір-бірінен бірдей қашықтықтан алады. Партиядағы астық аз болғанда 100 метрге дейінгі алаңда партияның бетіндегі төрт нүктеден нүктелік сынамалар алуға жол беріледі.

Нүктелік сынамалар үйіндінің жоғарғы беткейінен 10 – 15 сантиметр тереңдіктегі қабатынан, ортаңғы және төменгі қабаттарынан іріктеледі. Ортаңғы сынама кемінде 2 килограммнан, салмағы кемінде 100 грамм болатын 20-дан нүктелі сынама іріктеледі.

Егер келісімшартта арнайы ескертпе болмаса, нүктелік сынамалар әрбір тиелген вагондардан немесе автопойыздан, 3,5 метрлік ұзындықтағы шонақтан (тіркемеден) салмағы кемінде 1 килограмнан төрт нүктеден, 3,5-нан 4,5 метрліктен салмағы кемінде 1,5 килограмнан алты нүктеден, 4,5-нан және одан көп метрліктен салмағы кемінде 2 килограмнан сегіз нүктеден іріктеледі. Әрбір топтамадан кемінде 2 килограмнан ортаңғы сынаманы бөліп шығарады.

Вагондарға, кемеге өнімді тиегенде (түсіргенде) тік түсетін ағыстың өзгеретін жерлерінде қиылыстыру жолымен тең уақыт аралығында ожау немесе автоматты сынама алғышпен, бұл ретте өнімнің жылдамдығы негізінде әрбір тоннаға 100 грамм есебінен, партиядан кемінде 2 килограммнан алады.

Тігілген қаптардан нүктелік сынамаларды қаптың қол жетімді үш нүктесінен қап тәрізді сүңгімен алады. Сүңгіні қаптың жіптерін жылжытып, науасын төмен қаратып, қаптың ортаңғы бөлігіне бағыттап енгізеді. Пайда болған тесікті сүңгінің ұшымен крест тәрізді әрекетпен бітейді. Ортаңғы сынаманың жалпы салмағы-кемінде 2 килограмм.

19. Үйінді түрінде сақталатын немесе жеткізіліп берілетін құнарландырылған жемшөп партиясынан нүктелік сынамалар ожау немесе конусты сүңгімен шахмат тәртібімен әр түрлі (үстіңгі, ортаңғы, төменгі) қабаттардан іріктеледі. Нүктелік сынамаларды біріктіреді, мұқият араластырады және салмағы кемінде 2 килограммнан біріктірілген сынама іріктеледі.

20. Сығындыдан, шроттан нүктелік сынамаларды іріктеу кезінде өнімді вагондарға, автокөлікке, кемеге тиеу (түсіру) кезінде тік түсетін ағыстың өзгеретін жерлерінде қиылыстыру жолымен тең уақыт аралығынан кейін ожау немесе автоматты сынама алғышпен іріктеледі. Нүктелік сынамаларды алу мерзімділігін белгілеу өнімнің жылдамдығы негізінде әрбір тоннаға 100 грамм есебінен, партиядан кемінде 2 килограмм болуға тиіс.

Қоймаларда үйінді түрінде сақталатын сығындыдан, шроттан нүктелік сынамаларды конусты сүңгімен күнжара үшін әр 1 шаршы метрден кейін және шроттар үшін әр 2 шаршы метрден кейін шахматты тәртіппен үстіңгі, ортаңғы және төменгі қабаттарынан іріктейді. Іріктелген нүктелік сынамаларды таза ыдысқа төгеді, мұқият араластырады және біріктірілген сынама іріктейді. Өнімнің ортаңғы сынамасын біріктірілген сынамадан кварттау жолымен қолмен бөліп алады. Партиядан сынаманың ортақ салмағы 2 килограммнан кем болмауға тиіс.

21. Ұнтақ тәрізді және ұсақ кристалды минералды заттардың, карбамидтің, фосфатты жемшөп қоспаларының ортаңғы үлгілерін іріктеуді астық және ұн тәрізді жемшөптерден сынамалар іріктеуге ұқсас әртүрлі жерлерден сүңгімен жүргізеді. Ортаңғы үлгіні 2 килограммға тең етіп жасайды.

Құрама жемдер, шөп ұны, ағаш жапырағының ұны, кебек, жарма, жемшөп ашытқысы, паприн, эприн және басқа да ақуыз жемшөптері. Қоймаларда, шаруашылықтарда даналанған және түйіршіктелген жемшөптен нүктелік сынамаларды

вагондық немесе камбалық сүңгімен, ол болмаған жағдайда, әрқайсысы 4-5 шаршы метр алаңды шаршы орталығынан қалақпен үйіндінің 0,75 метрге дейінгі биіктігінде – үстіңгі және астыңғы, 0,75 метрден жоғарыда – жоғарғы, ортаңғы және төменгі қабаттарынан іріктейді. Талдау үшін ортаңғы үлгінің салмағы 2 килограммнан кем болмауға тиіс.

22. Бактериологиялық зерттеулер үшін жемшөптің әр партиясынан салмағы 500 граммнан екі ортаңғы үлгі алынады. Үлгілерді стерильді пластмасса немесе шыны ыдысқа немесе полиэтилен қапқа буып-түйеді.

4-тарау. Биологиялық материалдың сынамаларын алу ерекшеліктері

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Тиісті биологиялық материалдың сынамаларын (қан, қан сарысуы, шырыш, зәр, қи, қырындылар, биопсия тәсілімен алынған материалдар) жануарлар ауруларына тірі кезінде диагностика жүргізу мақсатында жинайды.

Тиісті патологиялық материалдың сынамаларын инфекциялық, инвазиялық ауруға немесе улануға күдік туған кезде жануардың ауруының немесе өлім-жітімнің (құстарды, аңдарды, бал араларын, балықтарды қоса алғанда) себебін анықтау немесе растау мақсатында жинайды (патологиялық материал жас өлекселерден алынады). Ұсақ жануарлар мен құстардың өлекселері бітеу ыдыста тұтастай ветеринариялық зертханаға жіберіледі. Сынамаларды мұздатылған күйінде жібереді, сондай-ақ жедел жөнелту кезінде құрғақ мұз қолданады. Жылдың жылы мезгілінде мұздатылмаған ағзалардан немесе төлдерден жеке ағзаларды консервілемей жөнелтеді, жоқ дегенде 30% глицерин ертіндісімен консервілейді. Ішкі ағзалардан – паренхиматозды ағзалардың бөлігін (жүрек, өкпе, көк бауыр, бүйрек, бауыр лимфа түйіні бар бауыр немесе өті жоқ өт қабы) стерильді қайшымен кеседі, әрқайсысын пергамент қағазына орайды және стерильді пакеттермен жолдайды. Инфекцияның таралуына жол бермеу үшін патологиялық материалды ұқыптылықпен (жәшікке немесе қораптарға буып-түйіледі) жеткізеді. Тұрып қалған өлекселерден міндетті түрде түтікше тәрізді сүйекті алады. Бактериологиялық зерттеу үшін өлген уақыты анықталмаған патологиялық материалдан жұлынды жібереді. Тұрып қалған өлекседен сібір жарасын анықтау үшін құлақ қуысы немесе басқа материал алынады.

24. Сұйық биологиялық материалды (қан, қан сарысуы, лимфа, жұлын сұйықтығы, өт және басқалар) диагностикалық зерттеулердің барлық кешенін жүргізуге мүмкіндік

беретін көлемде бір рет қолданылатын инелер арқылы бір реттік шыны түтіктерге, қан алу жүйесіне пункция арқылы жинайды. Түтіктерді жануарлардың бірдейлендіру нөмірлерін жазып, таңбалайды.

Бактериологиялық және вирусологиялық зерттеулер үшін сұйық патологиялық материалды (қан, ірің, зәр, өт, экссудаттар) мыналар арқылы жібереді:

1) дәнекерленген пастер пипеткаларында, материалды алу алдында пипетканың екі шетін фламбирлейді, ал жіңішке шетін тік бұрыш етіп иеді, сындырады және күйдірілген жерден ағзаға терең енгізеді, материалды сорып алғаннан кейін пипетканың қызып кетуіне жол бермей, оны екі шетінен дәнекерлейді, кейін әр пипетканы мақтаға орайды және түтікке орналастырады;

2) инесі бар қайнатылған шприцтің көмегімен жиналған резеңке тығынмен нығыздап жабылған стерильденген түтікте.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 13.02.2019 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Серологиялық зерттеулер үшін қан сарысуын алу мақсатында қанды таңертең, жануарларды азықтандырғанға дейін алады. Серологиялық зерттеулер үшін ірі қара малдан, жылқыдан, қойдан, шошқадан 5 – 10 миллилитрден қан алады.

Жылқыдан, ірі қара малдан, түйелерден, бұғылардан, қой және ешкілерден қанды асептика ережелерін сақтай отырып, мойынның жоғарғы үшінші бөлігінің күре тамырынан алады. Қан алатын жердің жүні мұқият қырқылады, ал терісі дезинфекцияланады. Шыны түтікке қан тамшылап емес, сорғалап ағуы керек. Тамшылап алынған және көпірген қан тез гемолизденеді және зерттеу кезінде көбіне бұрыс нәтиже береді. Қанды бір реттік зауыттық шприцпен алған кезде көпіртпей бірден алады және ақырындап шыны түтікке ауыстырады. Қанның жерге тамуын болдырмаған жөн. Ол үшін қанның бірінші порциясын жіберетін дезинфекциялық ерітіндісі бар банканы қолдану керек.

Шошқадан қанды құлағынан (шприці бар инемен), құйрығының ұшынан, алдыңғы қанды тері тамырынан (арқасымен жатқаны дұрыс) немесе көз тамырынан алады. Құйрығын алдын ала сабынды сумен жуады және дезинфекциялайды. Сосын ұшын қайшымен кесіп алады. Қанды алғаннан кейін құйрықтың ұшын дезинфекциялық (йод және басқа да) ерітіндімен өңдейді, байлайды және күйдіреді.

Терісі бағалы аңдардан және құстардан 1-2 миллилитрден қан алады, құстардан қанды қанат асты тамырынан немесе айдарынан алады.

Түлкі мен ақ түлкілерден жая тамырынан, қара күзендерден артқы аяғының ортаңғы саусағының жастықшасын немесе құйрығының шетін кесу жолымен алады.

Қан сарысуын тұндыру әдісімен алады. Қанды қоюландыру және сарысуды тұндыру үшін қаны бар шыны түтіктерді 20–30⁰С немесе 37–38⁰С-да 30-60 минут

ұстайды, ұйыған қанды ыдыс қабырғаларынан болат шабақпен (кұрсау) бөледі, шабақты әр сынамадан кейін спиртовканың үстінде фламбирлейді. Шыны түтіктерді 4-10⁰С-де 20-24 сағат ұстайды. Тұнған сарысуларды құрғақ, стерильді шыны түтіктерге құяды, тығынмен жабады және зертханаға жолдайды. Қанның консервіленбеген сарысуы суық (4-8⁰С) жерде сақтаған кезде алған күннен бастап 6 күн ішінде зерттеу үшін жарамды.

Сарысуды консервілеуді үш әдіспен жүргізеді:

1) химиялық – тек классикалық серологиялық зерттеулер үшін үнемі араластыра отырып, 1 миллилитр сарысуға 5%-дық фенол ерітіндісінің 0,05 миллилитрін (1 тамшысын) қосып (агглютинация реакциясы (АР), комплиментті байланыстыру реакциясы (КБР), роз бенгал сынамасы (РБС), комплиментті ұзақ байланыстыру реакциясы (КҰБР). Сондай-ақ құрғақ бор қышқылымен (2-4% сарысу көлеміне) қаныққан ерітіндіні алғанға және шыны түтіктің астында кішкене тұнба пайда болғанға дейін;

2) бір реттік мұздату жолымен. Қан зертханаға алынған күні жеткізіледі. Шыны түтіктегі қанды алдын ала стерильді пастер пипеткасымен немесе шыны таяқшамен шыны түтіктің шеттеріндегі ұйыған қанды қабатын алып тастап, бөлме температурасында бір-екі сағат ішінде немесе 37⁰С термостатта 0,5-1 сағат тұндырады. Ұйындының ретракциясын жақсарту үшін шыны түтікшені 4⁰С-да 1-2 сағатқа тоңазытқышқа орналастырады немесе минутына 3000 айналымда 10 минут немесе минутында 1500 айналымда 20 минут центрифугалайды. Сарысуды стерильді шыны түтіктерге (ампула, флакон) немесе қақпағы бар "Эппенфорд" типті полистирол микро түтіктерге стерильді пипеткалармен сорып алады.

Қан сарысуын тоңазытқышта зерттеуге дейін 2-4⁰С температурада төрт-алты күннен асырмай сақтауға болады. Ұзақ сақталған кезде (2 аптадан артық) қан сарысуы мұздатылған күйінде 20-25⁰С температурада сақталуға тиіс, 70⁰С-ға дейін терең мұздатуға жол беріледі. Сарысуды 1 реттен артық мұздатуға және ерітуге жол берілмейді. Қанды жалпы жинау кезінде, сарысуды ұзақ сақтау кезінде зерттеуге дейін және антиденелердің белсенділігін жоғалтудың алдын алу мақсатында сарысу 20-40⁰С-дан артық емес температурада терең суықта сақталуға тиіс.

Мұздатылған сарысуды ерітуге жол бермейтіндей температуралық шарттарда (тоңазытқыш сөмкелерде немесе мұзы бар термостарда, құрғақ мұз пайдалануға болады) тасымалдау керек.

Сарысуды пайдалану алдында толық еріту және антиденелердің шоғырлануын болдырмау үшін мұқият араластыру керек;

3) кептіру (лептоспироз) арқылы.

Сарысуды (0,4 миллилитр) сүзгілеу қағазына (5x5 см) жағады және толық кепкенге дейін шашыраңқы жарықта ұстайды. Сарысуы бар әрбір бетте жай қарындашпен тиісті жазбалар жасайды, пергамент қағазына орайды (әр сынаманы жеке-жеке), конвертке буып-түйеді және сол күйінде зертханаға жібереді, онда құрғақ сарысудың әр сынамасын екі миллилитр физикалық ерітіндісі бар шыны түтікке орналастырады. 6-10 сағат термостаттайды және 24 сағат бөлме температурасында ұстайды, кейін зерттейді. Құрғақ сарысулар антигендік қасиетін 40-130 күн сақтайды. Фенол немесе бор қышқылымен консервіленген сарысулар отыз күн бойы зерттеуге жарамды. Лайланған, өскінделген, гемолизденген сарысулар зерттеуге жатпайды. Қанның әр сынамасында тізімдемеге сәйкес жануардың жеке нөмірі көрсетіледі. Сынамалар тізімдемесімен бірге екі данада жолданады.

26. Жануарлардың қиын зерттеу үшін тікішектен алады немесе стерильді стақандарға, банкаларға немесе түтіктерге стерильді пинцетпен жинайды.

27. Ішекті бүтіндей емес, ең көп зақымдалған бөліктері бар кесінділерін жібереді. Кесінділер ішіндегісінен босатылады, стерильді сумен мұқият жуылады және стерильді банкаларға салынады.

28. Жіліктерді тұтастай, шеттері зақымдалмаған, сіңірі мен бұлшық етінен жақсылап тазаланған күйде жібереді.

29. Теріні стерильді, герметикалық жабылған күйінде кесек түрінде (10x10 көлемінде) жібереді. Сынамаларды ең көп зақымданған немесе теріні аз құнсыздандыратын бөліктерінен алады.

30. Бактериологиялық (вирусологиялық) зерттеу үшін:

1) тілмеге – түтікше тәрізді сүйекті, бүйректі;
2) сальмонеллезге – өт қабы бар бауыр бөлігін, көк бауырын, шажырқайдың лимфа түйіндерін, түтікше тәрізді сүйекті;

3) пастереллезге – лимфа түйіндері бар өкпе бөлігін, көк бауырды, жүректі (қан тамырларын байлап), түтікше тәрізді сүйекті және бұлшық ет ұлпасы бар инфильтраттарды;

4) сібір жарасына – құлақтың кесілген жерінен, перифириялық тамырдан қанды немесе құлақ қалқанын кесіп жібереді (өлексенің жатқан жағындағы құлағына алдын ала екі лигатура салады, кесіндінің шеттерін күйдіреді);

5) бруцеллезге – түсірілген төлді толығымен (қабығымен) немесе ерекшелік ретінде өңеш пен он екі елі ішек жағынан лигатурамен байланған төлдің асқазанын қан-жынымен бірге. Шошқалардан бірге туған кемінде үш төлден, жылқылардан абцесстердің іріңі, және төл қабының зақымдалған, екозға ұшыраған телімдері, жоқ дегенде іш тастаған жануарлар жатырларының кілегейін және басқа бөлінділерін; сойылған жануарлардан – паренхиматозды ағзаларын, жұпталған, мезентериалды лимфа түйіндерін;

6) туберкулезге – сау ұлпалары бар өзгерген ағзалардың бөліктерін және белгісіз ошақтардағы аймақтық лимфа түйіндерін, түтікше тәрізді сүйекті;

7) лептоспирозға – бауырдың, бүйректің бөліктерін, нитраттық қанды, ликворды, зәрді;

8) аусылға – ашылмаған афталарды (аусыл вирусының типін анықтау үшін);

9) Ауески ауруына – басын, көк бауыр, бауыр, өкпе бөліктерін;

10) шешекке – везикула сатысындағы шешек зақымдануларын, шешек лимфасын немесе зақымдалған тері бөліктерін;

11) обаға – паренхиматозды ағзалар, бронхиалды, мезентериалды лимфа түйіндерін (бактериалды инфекцияны алып тастау үшін);

12) листериозға – паренхиматозды ағзаларды, бас миын;

13) некробактериозға – некротикалық зақымдануларын: аяқ бастарының, ауыз қуысының кілегейін, ішкі ағзаларын;

14) қарасанға, қатерлі ісікке – крепитацияланатын қабынған ісіктен стерильді алынған экссудатын, сондай-ақ зат шыныларындағы жұғындыларын, жарып-сою жағдайында – көк бауырдың, бүйректің және зақымдалған бұлшық еттің бөлігін;

15) микоплазмозға – өкпенің зақымдалған бөлігін;

16) актинамикозға – ағзалардың түйіндері бар зақымдалған бөліктерін;

17) компиобактериозға – қабығымен және қынап бөлінділерімен бірге, түсік тасталған төлді күпек кілегейін, ұрықты, қосалқы жыныс бездерін;

18) сақауға – лимфа түйіндерінің жарылмаған абцестерінен стерильді алынған іріңді, мұрын ағындыларынан алынған іріңді. Патологиялық материалдан басты, жүректен және басқа зақымдалған ағзалардан алынған қанды;

19) құтыруға – ұсақ жануарлардың жаңа өлекселерін немесе ірі жануарлардың басын жібереді.

31. Гистологиялық зерттеулер үшін:

1) туберкулезге – ағзалардың зақымдаған бөлігін және аймақтық лимфа түйіндерін;

2) сальмонеллезге – бауырын;

3) лептоспирозға – жануардың өлімінен 30 минуттан кейін алынған бауырын, бүйрегін;

4) Ауески ауруына – сопақша миын және төрт төбешігін;

5) Тешен ауруына – жұлынның белдегі бөлігін, бас миының сұр затын (базальды бөлігі);

6) шешекке – терінің зақымдалған бөліктерін;

7) микоплазмозға – өкпенің зақымдалған бөліктерін;

8) бруцеллезге – түйіндері бар зақымдалған ағзаларын;

9) актинамикозға – түйіндері бар зақымдалған ағзаларын;

10) жылқының инфекциялық анемиясына (ИНАН) күдік туғанда – жүрегін (жүрек алды және қарыншалар), көк бауырын, өкпесін, 2x2 см мөлшеріндегі бүйрегін жібереді.

32. Химиялық-токсикологиялық зерттеулер үшін материалды таза, шыны банкаларға орналастырады: қарын мен ішек бір банкада, бауыр мен бүйрек басқа банкада.

Улануға күдік туған кезде өлім-жітімге ұшыраған жануарлардың өлекселерінен материалды:

1) өңештің бір бөлігін және ішіндегісінің 0,5 килограммы бар асқазанның зақымдалған бөлігін, ал ірі қара мал мен ұсақ қара малдан өңеш пен ұлтабардың бір бөлігін;

2) аш ішектің ең зақымдалған бөлігінің кесіндісін (0,5 метрге дейін ұзындықта) ішіндегісімен бірге;

3) тоқ ішектің ең зақымдалған бөлігінің кесіндісін (40 сантиметрге – дейін ұзындықта) ішіндегісімен бірге;

4) өт қабы бар бауыр бөлігін (0,5 – 1 килограмм) жолдайды.

Бір мезгілде улану көзін анықтау мақсатында жануарларды азықтандырған барлық жемшөптерді (әр түрінен 1 килограмнан), одан басқа оттықтардағы жемшөп қалдықтарын міндетті түрде жібереді.

Балықтардың улануына күдік туған кезде – су қоймаларының түбіндегі зерттеуге арналған топырақты екі килограмм мөлшерінде, химиялық талдау үшін суды зерттелетін судың барлық массасына сәйкес келетіндей 2 – 3 литр мөлшерінде тазалап жуылған кішкентай шыны сауыттарға алады. Тірі немесе жақында өлген балықтарды алады және таза ыдысқа буып-түйеді.

5-тарау. Судың, топырақтың, ауаның сынамаларын алу ерекшеліктері

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Топырақтың сынамасын топырақ бұрғысымен алады. Тексерілетін аумақты 16 шаршы метрден артық емес мөлшердегі телімдерге бөледі. Түйнеме қоздырғышы жайылды деген күдік туған аумақтан 15 см-ге дейінгі тереңдіктен топырақ сынамасын алады. Мал қорымдарының аумағынан алдымен топырақтың 2-3 сантиметр жоғарғы қабатын алады, кейін 2 метрге дейінгі тереңдіктен әр 25 сантиметрден сынамалар алады.

34. Судың сынамаларын батомер немесе арнайы бейімдендірілген бөтелкемен алады. Табиғи және жасанды су қоймаларынан су сынамаларын 10-15 сантиметр тереңдіктен және түбінен алады. Түбіндегі тұнбаның сынамалары – жаға жиегінде және оларды топырақ сынамаларындай зерттейді. Әр сынаманың көлемі – кемінде 0,5 литр, жалпы көлемі кемінде 1 литр.

Су құбырынан сынама іріктеу алдында құбырды жанып тұрған спирт тампонымен күйдіреді. Шүмекті ашып, стерильді ыдысқа 0,5 литр су алады, кейін 10 минуттың ішінде суды жібереді және басқа стерильді ыдысқа тағы 0,5 литр алады.

35. Ауадан сынама іріктеу мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нысандарынан сору құралы арқылы ауаны нақты бір жылдамдықпен жіберіп отырып немесе шектеулі құтыны толтыру арқылы алады. Орташа тәуліктік шаманы алудың тиімді тәсілі ауа сынамасын 24 сағат бойы үздіксіз алу болып табылады. Ауадан сынама іріктеу үшін электроаспираторлар, шаңсорғыштар мен басқа да ауа өткізетін қондырғылар, сонымен қатар, өткізілетін ауаны тіркеуші құралдар (реометрлер, ротаметрлер басқа да шығыс өлшегіштер) пайдаланылады.

Сынамаларды алу ерекшеліктеріне
1-қосымша

Құс, үй қояндары партиясынан іріктеу нормасы

Партиядағы орама бірліктерінің саны	Орама бірліктерін іріктейді және ашады
10-ға дейін	1
11-ден 20-ға	3
21-ден 40-қа дейін	4
40-тан 60-қа дейін	6
60-тан жоғары	10 %, бірақ кемінде 7 бірлік

Сынамаларды алу ерекшеліктеріне
2-қосымша

Балды іріктеу нормалары

Партиядағы орама бірліктерінің саны	Іріктелетін орама бірліктерінің саны
3-ке дейін	1
4-20	3
21-30	4
31-40	5
41-60	6
61-80	8
81 және одан артық	10 %

Сынамаларды алу ерекшеліктеріне
3-қосымша

Сүт, кілегей партиясынан іріктеу нормасы

Партиядағы өнімі бар көліктік ыдыс бірлігінің саны	Іріктемедегі өнімі бар көліктік ыдыс бірлігінің саны
100 дейін	2
101-ден 200-ге дейін	3
201-ден 500-ге дейін	4

Сынамаларды алу ерекшеліктеріне
4-қосымша

Партиядағы орама бірліктерінен жұмыртқаны іріктеу нормасы

Ескерту. 4-қосымша алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сынамаларды алу ерекшеліктеріне
5-қосымша

Партиядағы дана санынан жұмыртқаларды іріктеу нормасы

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сынамаларды алу ерекшеліктеріне
6-қосымша

Жұмыртқа ұнтағын іріктеу нормасы

Ескерту. 6-қосымша алып тасталды – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сынамаларды алу ерекшеліктеріне
7-қосымша

Балық және балық өнімдерінің көліктік орамаларын іріктеу нормалары

Партиядағы өнімі бар көліктік ыдыс саны, дана	Өнімі бар іріктелетін көліктік ыдыс саны, дана
2–25	2
26–90	3
91–150	4
151–280	5
281–500	6
501–1200	8
1201–3200	13
3201–10000	20
10001 және одан артық	30

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын)
объектілердің және биологиялық
материалдың сынамаларын алу
қағидаларына 2-қосымша

Жануарлардан алынатын өнімдер мен жемшөптегі заттардың ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар мен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі көрсеткіштеріне зертханалық зерттеулер жүргізуге арналған сынамалар өлшемінің қажетті массасы

Ескерту. 2-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Қауіпсіздік көрсеткішінің атауы	Бір реттік зерттеу кезіндегі аспа салмағы (грамм)
1	Уытты элементтер:	150,0
	Қорғасын	25,0
	Кадмий	25,0
	Мырыш	10,0
	Мыс	10,0
	Мышьяк	25,0
	Сынап	40,0
2	Антибиотиктер	15,0
3	Пестицидтер	15,0
4	Гормондық препараттар	100,0
5	Радионуклеидтер (Cs-137, Sr-90)	250,0
6	Микробиологиялық көрсеткіштер	250,0
7	Балғындығы	200,0
8	Гистологиялық сынақтар	150,0
9	ПЦР зерттеулері	5,0
10	Бенз(а)пирен	25,0

Орны ауыстырылатын
(тасымалданатын) объектілердің
және биологиялық
материалдың сынамаларын
алу қағидаларына
3-қосымша

Партиядан мал шаруашылығы өнімдерінің сынамалары санын іріктеу нормасы

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.04.2020 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р/с №	Партияның массасы, тонна	Сынамалар саны, дана (біріккен сынама қалыптастыру үшін)
1	0,5-ке дейін	1
2	0,51-3,0	2
3	3,1-5,0	3
4	5,1-10,0	5

5	10,1-15,0	8
6	15,1-20,0	10
7	20,1-50,0	11
8	50,1-80,0	12
9	80,1-100,0	13
10	100,1-500,0	14
11	500,1-1000,0	15
12	1000,0-нан жоғары	Әрбір 1000,0-ға – 1 сынама

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын)
объектілердің және биологиялық
материалдың сынамаларын алу
қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Ілеспе хат

(орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің)

20__ жылғы " __ " _____ № _____

_____ жіберіледі

(ветеринариялық зертхананың аталуы)

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің атауы

Сынамалар саны _____

Сынамаларды алу орны және уақыты _____

Зерттеудің мақсаты

Сынамалар иесінің немесе оның өкілінің қатысуымен алынды

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), заңды
тұлғаның атауы)

(сынамаларды іріктеуді жүргізген ветеринария саласындағы (қолы)
уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің,
ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын жергілікті
атқарушы орган бөлімшесінің лауазымды тұлғасының лауазымы

тегі және аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы)
М.О.

Орны ауыстырылатын
(тасымалданатын) объектілердің
және биологиялық материалдың
сынамаларын алу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің сынамаларын алу актісі
20__ жылғы " __ " _____ № _____

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.01.2019 № 9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мен (біз) _____
(сынамаларды іріктеуді жүргізген ветеринария саласындағы уәкілетті орган
ведомствосының аумақтық бөлімшесінің, ветеринария саласында қызметін жүзеге
асыратын

жергілікті атқарушы орган бөлімшесінің лауазымды адамының лауазымы, аты,
әкесінің аты (бар болса), тегі)

мал иесінің немесе оның өкілдері

_____ қатысуымен
(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, заңды тұлғаның атауы)

_____ орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің атауы және көлемі

_____ сынамаларды алу орны _____
(объектінің атауы және мекенжайы)

_____ келіп түскен күні мен уақыты _____
(көлік құралдарының атауы, бірлік саны және нөмірін көрсету)

_____ Ілеспе құжаттар _____
(құжат түрлерін, № және берілген күнін тізбелеу)

Құжаттардың болмауы _____
(жоқ құжаттарды көрсету)

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің шығарылған елі

Жарамдылық мерзім _____
(дайындаушы, дайындалған күні)

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге қарап-тексеру жүргіздім(дік)
және қарап-тексеру нәтижелері

(орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің сыртқы түрі, иісі,
ораманың бүтіндігі, таңбалау сәйкестігі, температурасы)

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер сынамаларын алу үшін
негіздеме: _____

(ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіптілігіне күдіктену, сапасыздығы
туралы ақпарат алу,

сақтау шарттарының бұзылуы, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің
иесі жүгінген кезде және басқалары)

Сынамалар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 20____
жылғы " ____ " _____

№ _____ бұйрығымен бекітілген Орны ауыстырылатын (тасымалданатын)
объектілердің және

биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидаларына сәйкес _____
_____,

мөлшерінде алынады, нөмірленді және пломбаланды (мөр басылды)

_____ үшін

(зертханалық зерттеулер түрін көрсету)

_____ жіберіледі.

(ветеринариялық зертхананың атауын көрсету)

(сынамаларды іріктеуді жүргізген ветеринария саласындағы уәкілетті орган
ведомствосының

аумақтық бөлімшесінің, ветеринария саласында қызметін жүзеге асыратын
жергілікті атқарушы орган

бөлімшесінің лауазымды адамының лауазымы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, (
қолы),

әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы)

(жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің аты, әкесінің аты (бар болса),
тегі, (қолы)

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын)
объектілердің және биологиялық
материалдың сынамаларын алу
қағидаларына 6-қосымша

Нысан

Ілеспе хат*
(биологиялық материал)

20__ жылғы " __ " _____ № _____

Осымен _____ жіберіледі

(ветеринариялық зертхананың атауы)

(биологиялық материал атауы)

20__ жылғы " __ " _____ № _____ биологиялық материал
сынамаларын алу тізімдемесіне және актісіне сәйкес (биологиялық
материал сынамаларын алу тізімдемесі қоса ұсыналады).

(шаруашылық жүргізу субъектісінің, әкімшілік-аумақтық бірліктің
аталуы)

_____ иелігіндегі жануарлардан
Барлығы _____ сынама, оның ішінде:

(жануарлардың түрі және (жануарлардың осы түрінен және жастық
жастық жыныстық тобы) жыныстық тобынан алынған биоматериал
сынамаларының жалпы саны)

(жануарлардың түрі және (жануарлардың осы түрінен және жастық
жастық жыныстық тобы) жыныстық тобынан алынған биоматериал
сынамаларының жалпы саны)

(жануарлардың түрі және (жануарлардың осы түрінен және жастық
жастық жыныстық тобы) жыныстық тобынан алынған биоматериал
сынамаларының жалпы саны)

(жануарлардың түрі және (жануарлардың осы түрінен және жастық жастық жыныстық тобы) жыныстық тобынан алынған биоматериал сынамаларының жалпы саны)

(жануарлардың түрі және (жануарлардың осы түрінен және жастық жастық жыныстық тобы) жыныстық тобынан алынған биоматериал сынамаларының жалпы саны)

Диагностикалық зерттеу өткізуге:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

Вакциналау туралы мәліметтер

(вакциналау күні, егер вакциналанбаған болса вакциналанбаған деп көрсету)

Жіберілген күні 20__ ж. " __ " _____

тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы (қолы)
органдары құрған мемлекеттік ұйымдардың жауапты
тұлғаларының тегін, атын және әкесінің атын (бар болса),
лауазымын көрсету

М.О.

Ескертпе * Ілеспе хат патологиялық материалды, қоспағанда биологиялық материалдарға ресімделеді.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын)
объектілердің және биологиялық
материалдың сынамаларын алу
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Ілеспе хат

(патологиялық материал)

20__ жылғы " __ " _____ № _____

Осымен патологиялық материал _____
_____ жіберіледі

(ветеринариялық зертхананың атауы)

Зерттеуге жіберілді _____

Патологиялық материал _____

(патологиялық материалдың атауы, жануардың түрі)

Патологиялық материал тиесілі _____

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), заңды тұлғаның атауы)

Ауырған күні _____ Қырылу күні _____

Клиникалық сипаттамасы _____

Патологиялық анатомиялық жарып сою деректері _____

Қандай инфекцияны алып тастауға жіберілді _____

Материалды жіберген күні _____

(сынамаларды іріктеуді жүргізген ветеринария саласындағы (қолы)

уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің,

ветеринария саласында қызметті жүзеге асыратын жергілікті

атқарушы орган бөлімшесінің лауазымды тұлғасының лауазымы,

тегі және аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы)

М.О.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын)
объектілердің және биологиялық
материалдың сынамаларын алу
қағидаларына 8-қосымша

Нысан

Биологиялық материалдың сынамаларын алу актісі

№ _____ 20__ жылғы " ____ " _____

Мен (біз) _____

(сынамаларды іріктеуді жүргізген, ветеринария саласындағы

маманның (дардың) лауазымы, тегі және аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда))

(жеке тұлғаның тегі, аты

әкесінің аты (бар болған жағдайда), заңды тұлғаның атауы)

Сынамаларды іріктеу орны _____

(объектінің атауы және мекенжайы)

Биологиялық материал атауы _____

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен
бекітілген Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және
биологиялық материалдың сынамаларын алу қағидаларына сәйкес

20 жылғы " " №

мөлшерінде сынамаларға іріктеу жүргізілгені туралы осы актіні

жасадық, нөмірленді және пломбаланды (мөр басылды)

үшін

(зертханалық зерттеулер түрін көрсету)

жіберіледі

(ветеринариялық зертхананың атауын көрсету)

Осы актіге биологиялық материал сынамаларын алу тізімдемесі қоса беріліп отыр.

сынамаларды іріктеуді жүргізген ветеринария саласындағы (қолы)

маманның лауазымы, тегі және аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда)

жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің тегі және аты, (қолы)

әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын)
объектілердің және биологиялық
материалдың сынамаларын алу
қағидаларына 9-қосымша

Нысан

Биологиялық материал сынамаларын алу тізімдемесі

Биологиялық материал атауы

Зерттеу түрі

Сынамаларды іріктеу күні

Р/б №	Жануар иесінің, тегі және аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Жануардың жеке нөмірі	Жануар түрі, жынысы	Жануардың жасы	Түсі	Реакция атауы, зерттеу нәтижесі
-------	---	-----------------------	---------------------	----------------	------	---------------------------------

1						
2						
3						

Қолдары _____

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын)
объектілердің және биологиялық
материалдың сынамаларын алу
қағидаларына 10-қосымша

Нысан

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың сынамаларын алуды жою актісі

Біз, төмендегі қол қоюшылар _____

(комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
лауазымы)

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 20__ жылғы
"__" _____ №_____ бұйрығымен бекітілген Орны ауыстырылатын
(тасымалданатын) объектілердің және биологиялық материалдың
сынамаларын алу қағидаларының 15-тармағына сәйкес _____
зерттеу (лер) жүргізілгеннен кейін _____
_____ тәсілімен

(ветеринариялық зертхана бөлімінің атауын көрсету)

_____ бөлімі бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің және
биологиялық материалдың мынадай сынамаларын

_____ жою жүргізілді.

Өзге де мәліметер _____

Комиссия мүшелерінің қолдары:

1. _____

2. _____

3. _____
(комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (қолы)
(бар болған жағдайда) лауазымы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК